

**Масирбаева Айгерим Дуйсенгалиевнаның « 8D05105-
Биотехнология » Білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған
«Адамның ішек инфекциясына қарсы отандық бірегей дәрілік
препаратының технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

«Адамның ішек инфекциясына қарсы отандық бірегей дәрілік препаратының технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы А.Д. Масирбаеваның диссертациялық жұмысы заманауи биомедицина мен қоғамдық денсаулық сақтау салаларындағы өзекті мәселеге арналған. Жедел ішек инфекциялары әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да, жұқпалы аурулар құрылымында әлі де алдыңғы орындарда тұр.

Докторант осы өзекті мәселені шешу мақсатында пробиотикалық негіздегі отандық препарат әзірлеуге бағытталған кешенді зерттеу жүргізген. Жұмыс құрылымы жүйелі, ғылыми жаңалығы айқын, қолданбалы маңызы жоғары. Препараттың микробиологиялық сипаттамалары, биотехнологиялық өңдеу кезеңдері және клиникалық қауіпсіздігі ғылыми дәлелдермен зерттелген. Қазіргі таңда «АС-Пробионорм» отандық пробиотикалық дәрілік препаратының клиникалық сынақтары (1 және 2 кезеңдері) сәтті аяқталды. Зерттелетін препараттың төзімділігі, қауіпсіздігі және емдік тиімділігі дәлелденді. Бұл одан әрі клиникалық зерттеулер жүргізу мүмкіндігін көрсетеді (3 және 4 кезеңдері), содан кейін отандық дәрілік препаратты өндіруді ұйымдастыру және адамдардың аурушандығын төмендету үшін емдеу практикасына енгізу жоспарланып отыр.

Докторант микробиология, биотехнология және фармакология салаларында терең білімін көрсете білді. Диссертацияда пробиотикалық препаратты әзірлеудің барлық кезеңдері – штамдарды ғылыми негізде таңдау, өндірістік технологиялық сызба жасау және тиімділігін жан-жақты бағалау – ғылыми түрде ұсынылған. Жүргізілген эксперименттер әдістемелік дәлдігімен және нәтижелерді сенімді интерпретациясымен ерекшеленеді.

А.Д.Масирбаеваның ғылыми ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және қорытындылау қабілеті, сондай-ақ ғылыми қағидаларды ұсыну мен дәлелдей білу шеберлігі ерекше атап өтуге тұрарлық. Зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыдан құнды және жаңа биотерапиялық препараттарды әзірлеуде қолдануға болады.

А.Д. Масирбаеваның диссертациялық жұмысының негізгі нәтижелері бойынша ашық басылымдарда 12 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 4 мақала Scopus дерекқорына енген; 6 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда жарияланған; Халықаралық конференция материалдарында 2 тезис жарияланды.

А.Д. Масирбаеваның жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сай келеді және жоғары деңгейде ғылыми зерттеу жүргізуге қабілетті зерттеуші ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Жұмысты ғылым докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

**Микробиология және вирусология
ғылыми-өндірістік орталығының
Бас директоры, б.ғ.д., профессор,
академик, «Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері», ҚР ғылым мен
техника саасы бойынша екі мәрте
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
«Құрмет» және «Парасат»
ордендерінің иегері**



Саданов А.Қ.